

ҒТАР 16.21.47

Ғылыми мақала

Б. Бияров¹, Ж. Қайырбаева²*С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,**Өскемен қ., Қазақстан**(E-mail: ¹berdibek_biyar@mail.ru)***Абай туған қасиетті мекен топонимдерінің этимологиясы**

Аңдатпа. Мақалада Абай Құнанбайұлының туған өлкесінің топонимдерінің этимологиялық негіздері ғылыми тұрғыда талданады. Зерттеу барысында ұлы ойшылдар Абай, Шәкәрім және Мұхтар сынды үш алыпты дүниеге әкелген қасиетті Шыңғыстау өңірінің жер-су атауларына тілдік талдау жасалып, олардың шығу төркіні мен семантикалық мәні айқындалады. Авторлар М.Қашқари сөздігіндегі деректерге сүйене отырып, Шыңғыстау бөктеріндегі топонимдердің тарихи-лингвистикалық табиғатын зерделейді.

Мақалада келтірілген кейбір жер атауларының моңғол тілінен енгені анықталып, бұл құбылыс түркі және моңғол тілдерінің тарихи туыстығын дәлелдейтін маңызды тілдік дерек ретінде қарастырылады. Зерттеу нәтижесінде өңір топонимдерінің көпшілігі көне түркі және моңғол тілдеріндегі ортақ лексемалармен сабақтас екені көрсетіледі.

Мақала АР 26199899 «Шығыс Қазақстанның әдеби және лингвистикалық туризмінің аймақтық интеграциясы: топонимдердің этимологиясы мен мекендік аңыздарды цифрландыру» атты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен мақсатты бағдарламалық жоба аясында жазылды.

Түйін сөздер: топоним, этимология, киелі орындар, түркі тілі, моңғол тілі, антропоним, гидроним

DOI: <https://doi.org/10.71078/50m9rq93>

Түсті: 30.10.2025; Мақұлданды: 14.12.2025; Онлайн қолжетімді: 25.12.2025.

Кіріспе

Қай елде болмасын өздерінің қадір тұтып, қасиеттейтін киелі орындары, аяулы мекендері болады. Ондай жерлер, көбінесе, сол елдің ардақ тұтатын атақты адамдарының туған жерімен сәйкес келіп жатады. Адамның бітім-болмысына, менталитетіне туып-өскен жерінің аурасы әсер ететіні – ғылымда дәлелдеуін күтіп жатқан шындық. Өзге ұлттарды айтпағанның өзінде қазақтың небір талантты адамдарын үйіп-төгіп бере салған ойдым-ойдым киелі жерлері бар. Ондай жерлерге Баянауыл-Көкшетау, Нарынқол, Катонқарағай, Шыңғыстау сияқты жаратылысы өзгеше жерлерді жатқызуға болады. Аталған жерлердің таулы-тасты болып, биік тұратыны құпиясы көп ғарышқа байланыса ма, әлде әсем табиғатының әсері ме, әйтеуір өнер, көркем сөз шеберлері молынан шыққан.

Қазақ мәдениетіне Абай, Шәкәрім, Мұхтар сияқты үш алыпты берген Шыңғыстау бөктерінің қандай қасиеті бар? Мұнда дала да, су да, тау да кездеседі. Қырық жыл жарылған атом, сутегі бомбаларының әсерінен тозып кеткені болмаса, кезінде бұл өлке керемет сәнді болғанға ұқсайды. Өйткені жер-су аттарының өзі сондай әдемі жасалған: *Шыңғыстау, Қарауыл, Қасқабұлақ, Орда, Бақанас, Арқат, Ақшоқы, Шолпан биігі, Үйтас, Шақпақ, Хан тауы, Түйеөркеш, Жидебай...*

Зерттеу әдістемесі

Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи әдіс, этимологиялық және лексикалық-семантикалық талдау әдістері қолданылды. Зерттеу мақсатына жету үшін алынған деректерді талдау сипаттау, жинақтау, саралау арқылы жүзеге асырылды. Ғылыми мақала Абай Құнанбайұлының туған өлкесіндегі тарихи-мәдени маңызы бар топонимдердің этимологиясын талдауға бағытталды.

Дені түркі-монғол секілді ағайын тілден жасалған бұл атаулар Қазақстанның басқа жерлерінде де кездеседі, бірақ ұлы Абайдың табаны тиген жерлер болғандықтан, бүкіл қазаққа ерекше ыстық атаулар. Солардың кейбіріне тілдік талдау жасау мақалаға арқау болды. Мұнда қазақ тілінде семантикасы ашық тұрған *Кеңқоныс*, *Қарашоқы*, *Ойқұдық*, *Құндызды* сияқты топонимдер емес, этимологиясы күңгірт тартқан, мәні көне түркі немесе монғол тілдерінде ашылатын атаулар ғана қамтылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Абыралы – елді мекен. Жергілікті тұрғындар анротопоним деп есептейді. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы кейіпкер Абыралымен байланыстырады. Ал жер-су атына жақын келетін бір нұсқасы моңғолодың аврал «мейірім, рақым, қайырым» сөзі болуы мүмкін. Моңғолдар жер-суға табынатын болғандықтан, Кеген (гэгээн) «жарық, сәулелі, нұрлы», Сайхан «жақсы, сұлу, әдемі» сияқты атауларды көп қоятын болған. Ал тау аты кейін адам есімі етіп берілуі де ықтимал.

Арқат – бірыңғай жартастардан тұратын тау. Абай мен Шәкәрімнің талай аң аулап, құс салған жері. *Арқат* оронимін топонимист-ғалым Е. Қойшыбаев *арқа+т* «арқатау» немесе этноним болуы мүмкін екенін көрсеткен еді (Қойшыбаев, 1985). Ж. Болатов анротопоним, яғни кісі атынан жасалған атау деп шешеді (Болатов, 1963).

Алтай тауында Арқат-Бұрқат асуы деген жер бар. Мұндағы Арқат моңғолша *ар* «арт жақ, таудың теріскейі, солтүстік» мағыналарын береді де, *хад* «жартас» деген сөздердің бірігуінен жасалған. Толық мағынасы: «жартастың немесе таудың теріскей жағы». Ал Бұрқат моңғолша *өвөр* «күнгей, күн жақ» + *хад* «жартас» сөздерінен жасалған. Мұндай атаулар асудың күнгейі мен теріскейін білдіреді. Бұл пікірді кезінде географ-ғалым Ғ. Қоңқашпаев пен профессор Г. Сағидолдақызы атап өткен еді. Шыңғыстаудағы Арқат та осы мәнде тұрғаны анық және оның Бұрқат деген сыңары болуы да мүмкін.

Ал кісі есімі болып жүрген Архат будда дінінен кірген діни лауазым аты екені мәлім. Жергілікті тұрғындар уақ руының батыры Арқаттың құрметіне қойылған деп те айтады. Бұл деректі зерттей түсу қажет.

Аягөз – өзен. Гидронимнің екі сыңары да көне түркі тілінен сақталып қалған реликті морфемалар. Алдыңғы сыңары *ая* [айа] тіпті алтай төркіндес тілдерге ортақ болып келеді. Көне түркі тілінде *айа*, түркімен тілінде *айа* «алақан» мағынасын берсе, қазақ тілінде *аядай* «шағын» сөзінің сақталуы *айа* сөзінің тілімізде болғанын дәлелдейді. Башқұрт тілінде *айа* сөзі «төрт елі өлшем бірлігі» мәнінде де кездеседі. Ендеше Аягөз атауының бірінші сыңары *ая* [айа] “шағын, кішкене” семантикасын беретінін көреміз.

Гидронимнің екінші сыңары *үгүз/өгүз* көне түркі тілінде “өзен”, “су” мәнін беретіні дәлелденген. Сонымен өзен атының этимологиясы *Айаүгүз>Айагүз* (аферезис құбылысы)>*Аягөз* тұрғысынан ашылып, “шағын, кішкене өзен” мағынасын береді. Ертедегі ата-бабаларымыз Ертіспен салыстырғанда шағын өзен екенін меңзегені көрініп тұр.

Аса сезімтал ақын М. Мақатаев: «Аягөз деген аядай өзен деседі...» деп өлеңнің бір жолымен ғана мағынасын ашып кетеді.

Бақанас – Шыңғыстың мол сулы өзендерінің бірі. Құнанбай ауылының жайлауы болған. *Бақанас* гидронимін көптеген ғалымдар *бақан+ас* тұлғаларына бөледі де, бақан сияқты басы екіге айырылған өзен деп табады. Шындығында бұл атау монғолдың

бага(н) “аз”, “шағын”, “шолақ” сөзі мен *ус* “су” түбірінің бірігуінен жасалған: Бага(н) *ус* > Бағанас > Бақанас. Қазақстанда бірнеше жерде кездесетін мұндай атау шыққан жері мен құятын жері алыс емес, қысқа өзендерге беріледі. Бақанас, сонымен, “шолақ, қысқа өзен, (су)” мәнінде тұр. Шыңғыстаудың Ақбайтал асуынан бастау алатын бұл өзен Балқашқа жетпей жерге сіңіп кетеді немесе басқа өзен, көлге құятын болуы керек.

Бойдақтөбе – жеке тұрған төбе. Бекен Исабаевтың кітабында: «Жардың жоғары жағынан шақырымға жуық жері ойпаң келіп, әжептәуір кең көгал, пәйек болады. Одан ары Архат жағымыздағы төстен көрінген төбе – бағана Мұқан жазған – Бозамбай байдың Тастықұдығы, ал одан сәл төмендегі жазықта бір домалақ төбе тұр. Оны бай ауылы – Бойдақ төбе атаған. Бай ауылы күндіз бойдақ жылқысын сонда айдап тастап отырған», – дейді (Исабаев, 2001). Солай болғанның өзінде, бойдақ сөзінде «жеке, жалғыз» деген мағына тұрғанын ескерсек, Бойдақтөбе «оңаша, жеке, жалғыз тұрған төбе» ұғымын тудырыуы да әбден мүмкін.

Бөрілі – Мұхтар Әуезовтің туып-өскен жері. Бөрілі атауын *бөрі* (қасқыр) сөзінен шығаратын пікірлер жиі кездеседі. Жерінің бұталы болып келуі қасқырдың өсіп-өнуіне қолайлы екені де рас. «Бөрілі бүгінде де қасқырлы», - дейді Бекен ақсақал. Кейде бұл атау *Борлы* “әк (известняк) тасы бар” жер мағынасында тұруы да ықтимал. Айтылу барысында атау жіңішке дауыстыларға ауыса береді: *Борлы* > *Бөрілі*.

Дегелең – тау. Топонимист-ғалымдар бұл оронимді көне түркі тіліндегі *деге* «теке» сөзінен (Е. Қойшыбаев) және түркі тіліндегі *дег, дог//таг* «тау» деген сөзден (Т. Жанұзақ) шығарады (Жанұзақ, 2010). Біздің ойымызша, атаудың түбірінде тұрған *дег* моңғол тілінде *дэг* «кедір-бұдыр жер» мәнді сөзі деуге болады (Базылхан, 1987). Қазақтың өз тілінде осы түбірден жасалған *дегерес* «жазық далада кездесетін шағын-шағын тақия төбелер» деген көнерген сөзі бар (Қайыржан, 2013). Ендеше *Дег+елең/Дегелең* «шағын төбелерден тұратын (дегелеңді) тау» деген мағына береді.

Ертіс – өзен. Абай Семей қаласы мен Ертісті сан рет көрген Ертіс гидронимі туралы ғалымдардың пікірі әр түрлі. Біздің ойымызша М. Қашқари сөздігіндегі Иртыш (Эртишмақ) туралы берген түсінігі зерттеушілер ойлағандай халықтық этимология емес, шындыққа бастайтын жол тәрізді. Өйткені ені жалпақ (120-150 м), суы мол, таудан бастап құрлықты көлденең кесіп өтетін өзеннің бірінші мәселесі – өткел мәселесі болса керек. Орхон ескерткіштерінде, монғолдың «Құпия шежіресінде» Ертістен өту мәселесі аталып өтеді. Ал М.Қашқари өз сөздігінде *ерт* етістігінің *өт* етістігі орнына жүргенін былай келтіреді: «*Ертішті* – бәсекелесіп өтісті; бәстесіп өтісті. *Ертіті*: өтті; кешті...» (Қашқари, 1997).

Біздің болжам-пікіріміз бойынша, Ертіс атауы өте көне гидроним болғандықтан (профессор Т.Жанұзақтың айтуынша, Ертіс атауына кем дегенде екі мың жылдан асады), бір буынды үш сөзден тұрады деуге болады. Тілдің алғашқы даму сатысында бір буынды сөздердің басым болғаны анық. Атап айтқанда, *Er + it + ic* > *Ертіс* (соңынан дауысты келгенде, ортаңғы қысаңдардың түсіп қалуы тіл білімінде алшақ элизия құбылысы деп аталады: *орын + ы > орны*). Мұндағы *ер* түбірі көне түркі. *ериш/еріс* Э.В. Севортян сөздігінде «основа ткани», «горизонтальные жерди, вставляемые между вертикальными стойками при плетении стен амбара» сөзінде кездеседі (Севортян, 1974). С. Аманжоловтың монографиясында: «Еріс (иіріс): арқау (основа в ткани). Ильм., 58» түрінде түсінік беріледі (Исабаев, 2001). Бұл сілтемелерден көріп отырғанымыздай *ер* синкретті түбірінің тағы бір мағынасы «көлденең» семасын береді екен.

Ал *it/yt/өт/үт* «өтетін», «ағатын» етістігін құрайтыны белгілі және *ыс/іс* «су, өзен» сөзі екені де баршаға мәлім. Сонда *Ертіс* < *Er* «көлденең» + *it* «өтетін, ағатын» + *ic* «өзен, су» болып шығады, яғни, жинақтап айтқанда, Ертіс «көлденең ағатын өзен» деген мәнде тұруы мүмкін.

Атауға негізгі уәж (мотив) болған – оның Алтайға баратын, Алтайдан шығатын

құрлықты көлденең кесіп өтуі, яғни өткел мәселесі. Көне түркілер «Алтын тауын асып, Ертіс өзенін кешусіз жерден кешуге» мәжбүр болады. М. Қашқари сөздігінде келтірілген мысалда:

«Ысытатын аптап қапсырды
Үміт артқан адам жауықты.
Ертіс суын кешпекші,

Содан халық сескенді», – деп Ертістен өтуге үлкен мән беріледі (Қашқари, 1997). Ұзындығы 4, 5 мың километрге жуық, ені 100-120 м өзенді кешіп өте алмаған керуендер өзенді бойлап, оның басын (Моңғол Алтайын) айналып өтуге тура келген. Тарихта Шыңғысхан әскері соңына түскен найман Күшлік сұлтанның сарбаздары Ертіс суынан өтерде, көп шығынға ұшырағаны айтылады. М. Қашқари мен Ә.С. Гардизидің судан өту мәселесін баса айтып отырғандары да тегін емес.

Қарқаралы – тау; елді мекен. Құнанбай, Абай, Мұхтарлардың табаны тиген жер. *Қарқара* қауырсынын әсемдік үшін пайдаланатын құстың бір түрі екені белгілі. *Қарқаралы* осындай құсы мол тау деп қысқа қайыратын пікірлер де жоқ емес. Алайда нысананың сырт бейнесі, ерекше белгісі атауға негіз болатынын ескерсек, бұл ороним метафоралық жолмен жасалған деуге болады. *Қарқараның* қауырсынын, көбінесе, бөрікке, сәукелеге таққан, ал *Қарқаралы* тауының тас текшелері Арқадағы басқа таулардай тақыр емес, өсімдікті болып келеді. Оның тасқа өскен ағаштары бөрікке таққан қауырсынға ұқсап тұрады. Ендеше *Қарқаралы* – қарқарасы бар бас киімге ұқсатудан туған ороним.

Шыңғыстау – тау. Алыптар өскен мекен осы. Аңыздарға сенетін болсақ, бұл таудың аты Шыңғысханның құрметіне қойылған. Көбінесе атау алғаш шығып, аңыз кейін туып, сәйкес келмей жататын. Бұл жолы атау мен аңыз бір жерден шығып отыр. Осы маңда *Хан тауы*, *Орда* сияқты топонимдердің кездесуі аңызды шындыққа айналдырады.

Тарихи деректерге сүйенсек, Шыңғысхан Орта Азияға (Хорезм империясына) шабуыл жасардың алдында 1219 жылдың күзінде Ертіс бойына тоқтап, даярланған. Қайтар жолда 1224 жылдың жазын тағы да осы Ертіс бойында өткізген. Тарихшылар айтып отырған Ертіс бойы осы Шыңғыстау болуы әбден мүмкін. Шыңғыстаудың шұрайлы, шалғынды қойнаулары, аң мен құсы ат пен сарбаздардың тынығуына аса қолайлы мекен болып табылады.

Абай ауданының тарихы мен шежіресінен сыр шертетін Бекен Исабаевтың «Ұлылар мекені» атты еңбегінде Шыңғыстаудың тағы бір аты Найман күре еді деген дерек келтіріледі. Онда Ахат Шаһкәрімұлының естелігінде: «Найман күре» – Шыңғыс тауының моңғолша аты. Найман деген сөз – сегіз мағынасында, сонда «сегіз өзенді тау» деген сөз болып шығады», – деген пікірін де келтіреді (Исабаев, 2001). Моңғолша *найм* «сегіз» сан есімін білдіретіні рас, ал атаудың екінші сыңарындағы *күре* моңғолдың *хүрээ* «қоршау, шарбақ, қорған, елді мекен» мағыналы сөзі екені белгілі. Сонда *Найман күре* «наймандардың қонысы, қосыны» мәнін береді. Бұл жерді Шыңғыс ханнан ығысып Алтайдан көшкен Күшлік сұлтан бастаған наймандар мекендеген болуы мүмкін, ал кейін ұлы қаһан өзі келген соң, Шыңғыстау аталып кетеді.

Талданған атаулардан басқа түркі-моңғол тіл бірлестігінен қалған **Мұқыр** гидронимі бар. Бұл моңғолдың *мухар* «тұйық», «мұқыл», «тоқал» деген сөзі. Түркі тілдерінде де *мұқыр*, *мұқыл*, *моқал*, *тоқал* түрінде кездеседі. Аталған өзен тұйықталып, айналып ағады да, ұзамай суалады.

Шаған өзенінің аты моңғолдың *цагаан* «ақ, боз» сөзінен шығады. Түбірі алтай дәуірінде түркі-моңғолға ортақ болса керек. Түркі тіліндегі *ша-л*, *ша-лап* сөздері де «ақ, боз» мәндерін береді.

Келтірілген атаулардың кейбірі моңғол тілінен жасалғанына дау айтатын адамдар да кездеседі, бірақ бұл жалған патриоттық сезімнен туатын пікірлер болып келеді. «Ақтабан шұбырынды» кезінде қазақтың талай жері жоңғарлардың қоластында қалғаны тарихи

шындық екенін ұлы ақын Шәкәрім былай келтіреді:

...Қырылған соң қалмақтар жаман сасқан
Нұр Жайсаң, Шәуешектен өте қашқан.
Ата қоныс Арқаны босатып ап,
Қазақ жеңіп қалмақтың орнын басқан.

Жаулап, отарлап алған елдер бағынышты елдің жер-су аттарын өз тілдерінде қоя бастайтыны тарихтан белгілі, алайда қазақ топонимиясында сақталып қалған моңғол атаулары тілімізге бейімделіп сіңіп кетті. Бұл моңғол-түркі тілдерінің ортақ тегі бар екенін дәлелдейді.

Абай елінде таза қазақ тілінде жасалған небір мәнді, сәнді атаулар жетерлік. Жер-суға ат беру жағынан қазақтан асқан шебер халық жоқ екеніне ешкімнің дауы болмаса керек: *Ащысу, Алтындыбұлақ, Аралтөбе, Арқалық, Бала Шақпақ, Бидайық, Буратиген, Догалаң, Қақпантас, Қаракөбең, Келтесай, Көксеңгір, Көкиірім, Көлқайнар, Көшбике, Найзатас, Сарғалдақ, Сарыкөл, Серектас, Сұңқарқонған, Таңбалытас, Тақыр, Терісбұлақ, Түйекетпес, Шақпақ, Шарықты, Шұрық, Шет т.б.*

Қорытынды

Абай Құнанбайұлының туған өлкесі – Шыңғыстау өңірінің топонимиялық жүйесі қазақ халқының тарихи жады мен тілдік қазынасының айқын көрінісі болып табылады. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде өңірдегі жер-су атауларының көпшілігі ұлттық дүниетаныммен, табиғат ерекшелігімен және халықтың рухани мәдениетімен тығыз байланысты екені анықталды. Топонимдердің бір бөлігі түркі және моңғол тілдерінің ортақ түбірінен тарай отырып, тарихи-мәдени байланыстардың тереңдігін дәлелдейді.

Сонымен қатар, қазақ халқының жерге деген құрметі мен тіл байлығының көрінісі ретінде табиғи нысандарға мағыналы, көркем атаулар беру дәстүрі ерекше назар аудартады. Демек, Абай елі топонимдерінің этимологиялық талдауы ұлттық тілдің байырғы қабаттарын тануға, тарихи-мәдени мұраны ұғынуға және қазақ тіл біліміндегі ономастика ғылымын дамытуға зор үлес қосады.

Әдебиеттер тізімі

- Аманжолов, С. (1997) *Вопросы диалектологии и истории казахского языка*. Учебное пособие. 2-издание, дополненное. Алматы. Санат.
- Базылхан, Б. (1987). *Монгол-казах толь*. Улаанбаатар. Өлгий.
- Болатов, Ж. (1963). *Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері*. Алматы. Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы.
- Жанұзақ, Т. (2010). *Тарихи жер-су аттарының түптөркіні*. Алматы. Сөздік-словарь.
- Исабаев, Б. (2001) *Ұлылар мекені*. Новосибирск. Наука.
- Қайыржан, К. (2013). *Сөз – сандық: Қазақтың көне сөздері*. Алматы. Өнер.
- Қашқари, М. (1997) *Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрк)*: 3 томдық шығармалар жинағы / ауд. А.Егеубай. Алматы. ХАНТ.
- Қойшыбаев, Е. (1985). *Қазақстанның жер-су аттары сөздігі*. Алматы. Мектеп.
- Севортян, Э.В. (1974) *Этимологический словарь тюркских языков (Общетюркские и межтюркские основы на гласные)*. Москва. Наука.

References

Amanzholov, S. (1997). *Issues of dialectology and the history of the Kazakh language* (2nd ed.).

- Almaty. Sanat [in Kazakh].
- Bazylkhan, B. (1987). *Mongol-kazakh tol.* Ulaanbaatar. Ölgii [in Mongolian].
- Bolatov, Zh. (1963). *Issues of the History and Dialectology of the Kazakh Language.* Almaty. Qazaq SSR Gylym akademiyasynyn baspasy [in Kazakh].
- Isabayev, B. (2001). *Land of the Great Ones.* Novosibirsk. Nauka [in Kazakh].
- Kairzhan, K. (2013). *The Word is a Treasure Chest: Ancient Kazakh Words.* Almaty. Öner [in Kazakh].
- Kashgari, M. (1997). *Dīwān lughāt at-Turk* [Türk tilining sözdigi] (A. Egeubai, Trans.). Almaty. KHANT [in Kazakh].
- Qoyshybaev, E. (1985). *Qazaqstannyn zher-su attary sözdigi.* Almaty. Mektep [in Kazakh].
- Sevortyan, E. V. (1974). *Etymological dictionary of Turkic languages (Common Turkic and inter-Turkic roots with vowels (Obshchetyurkskie i mezhtyurkskie osnovy na glasnye).* Moscow. Nauka [in Russian].
- Zhanuzak, T. (2010). *The origins of historical place names.* Almaty. Sözdik-slovar [in Kazakh].

B.N. Biyarov¹, Zh.K. Kaiyrbaeva²

S. Amanzholov East Kazakhstan University, Oskemen, Kazakhstan.

(E-mail: ¹berdibek_biyar@mail.ru)

Etymology of the Toponyms of Abai's Sacred Birthplace

Abstract. The article provides a scholarly analysis of the etymological foundations of the toponyms in the native land of Abai Kunanbayuly. The research involves a linguistic examination of the place names in the sacred Shyngystau region, which gave birth to three great thinkers - Abai, Shakarim, and Mukhtar. The origins and semantic meanings of these toponyms are identified and interpreted. Drawing on the data from Mahmud al-Kashgari's dictionary, the authors explore the historical and linguistic nature of the toponyms located at the foothills of Shyngystau.

The study establishes that some of the geographical names originated from the Mongolian language, and this phenomenon is regarded as significant linguistic evidence supporting the historical kinship between the Turkic and Mongolian languages. The findings demonstrate that many of the region's

This article was prepared within the framework of the targeted program project No. AP26199899, "Regional Integration of Literary and Linguistic Tourism in East Kazakhstan: Digitalization of the Etymology of Toponyms and Local Legends," approved by the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: toponym, etymology, sacred places, Turkic language, Mongolian language, antroponym, hydronym.

Б.Н. Бияров¹, Ж.К. Кайырбаева²

Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова,

г. Усть-Каменогорск, Казахстан.

(E-mail: ¹berdibek_biyar@mail.ru)

Этимология топонимов священного места рождения Абая

Аннотация. В статье научно анализируются этимологические основы топонимов родного края Абая Кунанбайулы. В ходе исследования проводится лингвистический анализ названий природных объектов священного региона Шынгыстау, который

подарил миру трёх великих мыслителей - Абая, Шакарима и Мухтара. Определяются происхождение и семантическое значение топонимов. Авторы, опираясь на данные словаря М. Кашгари, исследуют историко-лингвистическую природу топонимов, расположенных у подножия Шынгыстау.

В статье установлено, что некоторые географические названия имеют монгольское происхождение, и данный факт рассматривается как важный лингвистический аргумент, подтверждающий историческое родство тюркских и монгольских языков. Результаты исследования показывают, что большинство топонимов региона связаны с общими лексемами древнетюркского и монгольского языков.

Статья подготовлена в рамках целевой программно-ориентированной научной темы № AP26199899 «Региональная интеграция литературного и лингвистического туризма Восточного Казахстана: цифровизация этимологии топонимов и локальных легенд», утверждённой Министерством науки и высшего образования Республики Казахстан.

Ключевые слова: топоним, этимология, сакральные места, тюркский язык, монгольский язык, антропоним, гидроним

Автор туралы мәлімет:

Бияров Б.Н. – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ., Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9028-6836>

Қайырбаева Ж.Қ. – магистр, аға оқытушы, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ., Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5919-0513>

Information about author:

Biyaov, B.N. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, S. Amanzholov East Kazakhstan University, Oskemen, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9028-6836>

Kairbayeva, Zh.K. – Master's Degree Holder, Senior Lecturer, S. Amanzholov East Kazakhstan University, Oskemen, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5919-0513>

Сведения об авторе:

Бияров Б.Н. – кандидат филологических наук, доцент, Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, г. Усть-Каменогорск, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9028-6836>

Кайырбаева Ж.К. – магистр, старший преподаватель, Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, г. Усть-Каменогорск, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5919-0513>



Бұл жұмыс Creative Commons Attribution-Коммерциялық Емес 4.0 Халықаралық лицензиясы бойынша лицензияланған.
This work is licensed under Creative Commons Attribution-Noncommercial 4.0 International License